



ӘОЖ: 37.015.324:378

I КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ОРНЫНА АДАПТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ТОП ІШІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ХАЛ-АХУАЛ

О. Н. Ерниязов, педагогика магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақала зерттеу жұмысымен айналысатын студенттер, магистранттар және оқытушыларға арналған. Студенттердің оқу орнына адаптациясы, студенттік топ ұжымы ішіндегі психологиялық атмосфера, қарым-қатынасы зерттелген. Зерттеу нәтижелері салыстырмалы түрде бейнеленіп, топ ішіндегі психологиялық хал-ахуалды жақсарту жолдары көрсетілген.

Статья посвящается студентам, магистрантам и преподавателям, которые занимаются исследовательской деятельностью. В статье показаны результаты исследования психологической атмосферы, отношения в учебных группах. Результаты исследования показаны сравнительно и даны пути улучшения психологической атмосферы в группе.

This article is intended not only for students but for the magistracy students who is engaged in researching work. It gives the students adaptation, psychological atmosphere in students groups and their relations. Results of research are shown comparatively and the way of improvement of psychological atmosphere in group is given.

Студенттердің оқу үлгерімінің деңгейі мен жалпы психологиялық өзін-өзі сезінуі, оқуға ұмтылысына белгілі бір деңгейде ұжым ішіндегі өзара қарым-қатынастың ықпал ететіні белгілі. Сол себептен студенттер тобындағы психологиялық хал-ахуалды және оның себеп-салдарларын зерттеудің маңызы ерекше. Ғылыми зерттеулерді зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда студенттердің адаптациясы өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көреміз [1].


Студенттер тобындағы хал-ахуал мен қарым-қатынасқа көптеген факторлар әсер етеді. Солардың ішінде студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктері, тәрбиелілік деңгейлері, ұжымда жұмыс жасау мен қарым-қатынас орната алуы, оқу іс-әрекетіндегі қиындықтар мен олардың шешілу барысы, оқу орны тарапынан студенттердің түрлі психологиялық және әлеуметтік мәселелерін үнемі қадағалап, реттеп отыруы барасындағы іс-әрекеті т.б. атап көрсетуге болады.

Біз мәселенің өзектілігін ескере отырып, 2010 жылдың желтоқсан айында политехникалық және машина жасау факультеттерінің бірінші курс студенттеріне А. Ф. Фидпердің ұжымдағы психологиялық жағдайды бағалау әдістемесін жүргіздік [2, 184 б]. Әдістеме кестесі шкалалардан құралады. Шкаланың 10 бөлімінің әрқайсысына берілген жауаптарды солдан оңға қарай 1-ден 8-ге дейінгі ұпайлармен бағалайды. * белгісі солға қарай орналасқан сайын ұпай төмен болады және жауап берушінің пікірінше ұжымдағы психологиялық жағдай жақсырақ. Зерттелушінің берген жауаптары (ұпайлары) қосылып, нәтиже анықталады. Қорытынды көрсеткіш 10 (өте жақсы) және 80 (өте жағымсыз) ұпай аралығында болады. Ұпайлар 40-тан төмендеген сайын жағымды психологиялық хал-ахуалды, жоғарылаған сайын жағымсыз хал-ахуалдың артқанын көрсетеді. Төменде әдістеме бланкісі және оны толтыру үлгісі көрсетілген (кесте 1).

1-кесте – А. Ф. Фидпердің ұжымдағы психологиялық жағдайды бағалауға әдістемесі және оны толтыру үлгісі

		1	2	3	4	5	6	7	8	
1	Достық			*						Қастық
2	Келісім				*					Келіспеушілік
3	Қанағаттанарлық			*						Қанағатсыздық
4	Өнімділік			*						Өнімсіздік
5	Жылы шырайлылық					*				Салқындық
6	Ынтымақтастық				*					Бірікпеушілік
7	Бірін-бірі қолдау			*						Теріс ниеттілік
8	Еліктеушілік				*					Немқұрайлылық
9	Қызығушылық				*					Жалығу
10	Жетістік			*						Сәтсіздік

Зерттеу ЛР-11, ССМ-11, ПСМ-11, ХТНВ-11, АН-11, СТР-11, ХТОВ-11, СТР-13, ТПП-11, ТПР-11, ПА-11 топтарына жүргізілді. Нәтижесінде ЛР-11(18), ССМ-11(19), ПСМ-11(20), ХТНВ-11(20) топтарындағы психологиялық хал-ахуал, ұйымшылдық деңгейі жоғары; АН-11(24), СТР-11(25), ХТОВ-11(28), СТР-13(28), ТПП-11(29) топтарындағы психологиялық хал-ахуал, ұйымшылдық деңгейі жақсы, ТПР-11(30), ПА-11(37) топтарындағы психологиялық хал-ахуал, ұйымшылдық деңгейі орташа немесе жақсырақ екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері пирамидалы диаграмма түрінде төменде көрсетілген (1-сурет).



1-Сурет – Студенттік топтардағы психологиялық хал-ахуал, ұйымшылдық деңгейін зерттеу нәтижелерінің диаграммасы

Зерттеу жүргізілген топтардың барлығының жинаған ұпай саны 40-тан төмен. Яғни, бұл ұжым ішіндегі психологиялық хал-ахуал, қарым-қатынастың, студенттердің оқу орнына адаптациясының жалпы жақсы екендігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы студенттердің әлеуметтік-психологиялық адаптациясының, өзін және өзгелерді жеке тұлға ретінде қабылдап, сыйластықпен қарауының, ішкі бақылауының және өзіндік эмоционалдық комфорттың қалыпты деңгейде екендігін көруге болады. Ал бұл өз кезегінде оқу үрдісінің нәтижелі жүргізілуіне көмегін тигізеді.

Студенттік топтардағы психологиялық хал-ахуалға, олардың оқу орнына адаптациясына оқу үрдісінің тигізетін әсері мол. Сондықтан топтағы қарым-қатынасты реттеу, қадағалауда куратор-эдвайзерлермен қатар оқытушылар да үлкен роль атқарады. Сабақты түрлендіріп өткізу, жаңа технологияларды қолдана отырып, студенттердің қызығушылығын туғызу, мүмкіндік болған жағдайда шағын тренингтер өткізу жұмыстары бұл міндеттің тиімді орындалуына оң ықпал жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Григорович, Л. А. Педагогическая психология / Л. А. Григорович. – Москва : Гардарики. – 2003. – 314 б.

2. Райгородский, Д. Я. Практическая психология / Д. Я. Райгородский. – Самара : Бахрах. – 1998. – 668 б.

УДК: 159 923

СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ

Н. Д. Илиува

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Бұл мақалада адам дамуының түрлі табиғи және әлеуметтік жақтарын ашуға көңіл бөлінген. Тұлғаның дамуындағы биологиялық және әлеуметтік факторлар және олардың арасындағы байланыс қарастырылған. Тәрбие процесі – тұлғаның дамуына бағытталған фактор ретінде қаралған.

В данной статье рассматриваются стороны естественного и социального развития человека. Раскрываются факторы биологического и социального развития личности, прослеживается их взаимосвязь. Процесс воспитания как фактор целенаправленного развития личности.

This article is devoted to consideration of different sides of natural and social development of man. The factors of biological and social development of a person are revealed, its interrelation is traced. The process of upbringing as the factor of a person is considered.

Принимаемый в общей психологии тезис, что личностью не рождаются, а становятся, указывает, что процесс развития человека по своему содержанию есть процесс становления личности, который начинается с первых минут жизни человека. Выделяются три сферы, в которых осуществляется становление личности: деятельность, общение, самосознание. Каждая из этих сфер должна быть рассмотрена особо. Общей характеристикой всех этих трёх сфер является процесс расширения, умножения социальных связей индивида с окружающим.

Что касается деятельности, то на протяжении всего процесса социализации индивид имеет дело с расширением «каталога» деятельностей, т.е. освоением всё новых и новых видов